

Әбдіразақова А.,
Жанбершиева Ү.

**Аймақтық «Сыр бойы»
газетіндегі әпистолярлық жанр:
тақырыптық, тілдік-стильдік
ерекшеліктер**

Abdrakova A.,
Zhanvershieva Y.

**Epistolary genre in regional
newspaper «Syr Boiy»: Topical,
linguistic and stylistic features**

Абдразахова А.,
Жанбершиева Ү.

**Использование эпистолярного
жанра в областной газете
«Сыр бойы»: тематические,
языковые и стилистические
особенности**

Мақалада «Сыр бойы» газетінде жарық көрген хаттар тақырыптық, тілдік-стилдік түргыдан талданады. Сонымен бірге әпистолярлық жанр ерекшелігін, зерттеушілер пікірлерін негізге ала отырып, хат жанрындағы туындылардың оқырмандар үшін маңыздылығы нақтыланады. Басылымдағы хат жанрының берілу формасы мен пәрменділігі мәселесі туралы да ғылыми тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер: газет, басылым, әпистолография, әпистолярлық жанр, публицистика, хат, тіл, стиль.

In this article letters published in regional newspaper «Syr Boiy» have been analyzed by topical, linguistic and stylistic approaches. Concrete concerns on epistolary genre features on the base of scholars' opinions, interrelation of works on letter genre and readers are considered. The importance of the problem and the form of letter genre publication have been concluded in the article.

Key words: newspaper, epistolography, epistolary genre, publicistics, letter, language, style.

В данной статье анализируются тематические, языковые и стилистические особенности писем, опубликованных в областной газете «Сыр бойы». Авторы статьи обращают внимание на особенности эпистолярного жанра, ссылаются на точки зрения ученых, и вместе с тем отмечают, что публикации в форме писем эффективны при общении с читателями.

Ключевые слова: газета, печатное издание, эпистолярный жанр, публицистика, письмо, язык, стиль.

**АЙМАҚТЫҚ
«СЫР БОЙЫ»
ГАЗЕТИНДЕГІ
ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ
ЖАНР: ТАҚЫРЫПТЫҚ,
ТІЛДІК-СТИЛЬДІК
ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

1929 жылы 1 шілдеде «Сыр бойы» деген құлаққа жағымды казақи атпен алғаш рет оқырмандарының колына тиген басылым 1932 жылы «Ленин туы», ал 1938 жылы «Ленин жолы» болып аталды. Бұдан кейін араға елу жылдан астам уақыт салып барып, еліміз тәуелсіздік алып тарихи атауларды қайта қалпына келтіре бастаған шақта, яғни 1991 жылдың 24 қыркүйегінде газет өзінің алғашқы атауы – «Сыр бойын» қайта иеленді. Жалпы газет ұлттық танымдық-саяси басылым болып табылады. Басылым ұраны: «Тәуелсіз елің – тірегің, туған жерің – жүргегің». Газет Қызылорда облысы және өзге аймақтарға тарайды. Меншік иесі Қызылорда облысының әкімі және редакция ұжымы.

Газетте саясат, құқық және жастар тәрбиесі, экономика және өндіріс, ауыл өмірі, мәдениет, өнер және әдебиет, экология, әлеуметтік мәселелер, хат және қабылдау қызметі, спорт, акпарат, білім және денсаулық, салт-дәстүр, жарнама бөлімдері жұмыс істейді.

Зерттеушілердің еңбегіне сүйенсек, эпистолографияның жанр ретіндегі қалыптасуы антика дәүірінен бастау алады. «Автор өз хатын қалың көшілік оқытынына, әлдебір маңызды идеялар мен көзқарастарды дәлелдеу немесе жоққа шығару міндеттерінің айқын қойылып отырғанына, соган сәйкес дәүірдің шынайы әлеуметтік жағдайлары қаралатынына саналы түрде көзі жеткен кезде ғана хат публицистік сипатқа ие болады», -дейді баспасөз теоретигі Е.Прохоров [1, 275 б]. Эпистолярлық жанр туралы зерттеуші, ғалым, тарих ғылымдарының докторы Р.Перк «Газет жанры ретінде хат публицистің немесе оқырманың қалың көшілікке өз пікірін не болмаса ұсынысын білдірудің көрінісі» [2, 27 б] – деген болатын.

Эпистолярлық публистика, зерттеулер көрсетіп отырғандай, XYI ғасырда кең дами бастады. Ол кезде хаттарда әдеби сипат, көркем баяндау басым болды. Ал орта ғасырларда эпистолография Византия публицистасының жетекші жанрына айналды [3, 224 б]. Оларда маңызды экономикалық қоғамдық мәселелер көтеріле бастады.

«Сыр бойы» газетінде жарияланған хаттарда автор сөзімен берілген ішкі ой-толғам, көңіл сезімдері, сана-түйсігі айрықша беріледі. Олардың ішкі толғанысы, коршаған ортаны, өмірдің шындығын теренделп танып, бойлай білуге көмек береді. Психо-

логизм жөніндегі зерттеуші Г.Карлова мынадай дәйекті ой айтады: «Характердің өзі аңы монолог толғаныста, хаттарда, күнделікті көрініс береді» [4, 11 б]. Мысалы, «Сыр бойы» газетінің 2007 жылғы 23 мамырдағы санында «Есірткіден аулақ жүргенің абзал» тақырыбында хат жарық көрді. «Адамның санасын құл еткен ғасыр дерті – нашакорлық жылдан жылға ұлғайып келеді. Оған есірткіге қарсы тәуелді жандар көрсеткішінің соңғы жылдары еселеп өскені дәлел. Ғасыр дертінің елдің әлеуметтік жағдайына, экономикасы мен саяси тұрақтылығына тікелей қауіп төндіретіні жасырын емес. Әсіресе, еліміздегі жастардың осы бір үлкен дертке шалдыгуының маңызы үлкен. Осыған байланысты мұндай қылмысқа бармау үшін есінді жи, Жас Дос!», – дейді І.Тәжіұлы. Осы жылдың 27 маусымында жарық көрген санындағы «Байқоңырга қазақ әндері жетпейді. Неге?» хатта автор өзге елден қыруар қаржыға шақыртылатын әншілерге жұмсалған шығын, тіл мәселеңі, қазақ мәдениеті, қазақ өнері туралы өз ойымен бөліседі, қазақ ұлтының келер үрпағына алаңдаушылығын жасырмайды. Сонымен бірге, «Дін – діл тірепі», «Қоғамдық ойдың бағыты қайда барады?», «Жасын жігерсіз болмасын десен...», «өз өмірінді қио-қүнә», «Сөз бен іс» тақырыптарында жарияланған хаттар легі өз оқырмандарының жүргегіне жол тауып жатты.

Эпистолярлық жанр – бұл хат. Бұл жанр туралы терең зерттеген орыс ғалымы Е.Прохоров оның белгілерін қалай ажырату керектігі жөнінде мынадай тұжырым ұсынады: «Хаттарды мына үш белгісі арқылы анықтап алуға болады: автор(хат жазушы), дерек және адресат (хат жіберілген адам). Олар автордың аталған фактілерге, я адресатқа деген қатынасын айқындайды» [5, 172 б].

Газеттегі 2005 жылдың 9 қарашасындағы «Жұмыла білейік» тақырыбындағы хат «өзіңді тізімнен тексер, азамат!» айдарында жарық көрген. Хатта Президент сайлаудың ауызбіршілігіміз бер жауапкершілігімізді сезінуіміздің қажеттілігі айтылады. «Меніңше, Қазақстанның стратегиялық мақсатка жетуі – әр адамға тікелей байланысты. Ертеңгі аламан – сайлаудың дұрыс өтуі, толықтанды болуы үшін алдын ала тізімге енүінізді қадағалауыңыз қажет. Мен осыған шақырамын. Сайлау мәдениетін қалыптастырытын сіз бен біз», – дейді Қызылорда облыстық қаратә-до федерациясы облыс бойынша судьялық корпусының төрағасы Рұстем Әбжәлиев [6,

1-бет]. 2005 жылдың 20 қарашасында басылым облыстық «Әйел – береке бастауы» форумына қатысушылардың облыс әйелдері мен бірлестіктеріне үндеуін жариялады. Үндеуде «Біз – Сыр бойының әйелдер қауымы барша әлемдегі ізгі ниетті жандар тәрізді ел бірлігі мен ынтымағын ерекше қастерлейміз. Өйткені, тыныш аспан аясында, сәбілердің шат күлкісі толастамай, бала-лардың қайғы-мұңсыз, алдағы қундерге алаңдамай күн кешіп, бақытты өмір сүруі аналар үшін бәрінен де қымбат», – делінген. Осы жылдың 23 қарашасында жарық көрген «Болашаққа бірге барайық» тақырыбындағы хатта мұғалім Ерлан Сәрсенбаев қай заман, дәуір болмасын елдің мандаійна біткен арда ұлдары алдыңғы салта жүргендігін, елін, жерін жат пиғылдан қорғағандығын, әлі де болса осы қасиеттерді ерлердің бойынан көргісі келетіндігін айтады. «Шоқтығы биік жүрер замандас, азамат бірлігінді бүтін таныт! Бөлек тұлға екендігінді бүтін байқат! Бұл біз үшін парыз фана емес, келер үрпақ алдындағы жауапкершілік те болмақ» [7, 1-бет], – дейді.

Біз зерттеу нысанымызға алған «Сыр бойы» басылымының төуелсіздікten кейінгі жылдардағы сандарын қарастыра келе үндеу, пікір, үн қосу, ұсыныс, сауал, шағым хаттардың жиі жарық көргендігіне көзжеткіздік. Тұрақты айдарлар аясында, нақты айттар болсақ, «Редакцияға хат», «Ашық хат», «Хат жаздым...» сияқты айдарлармен берілетін хаттардың белгілі бір көтеретін жүгі бар. Ол әлеуметтік мәселеден басталып, жеке адам басындағы оқиғаны баяндайды. Зерттеу барысында атамыш басылымда проблемалық хаттардың көп кездесетінін аңғардық. Басылымдағы жарық көрген хаттар мазмұны сан-сала төнірегіндегі айтыс-тартыстар, тіл мәселеңі, саясат, түрлі мәдени ошактардың бүтінгі хал-жағдайы, оқырмандардың жеке проблемалары жөнінде болып келеді. Сонымен бірге жарияланған хаттардың пәрменділігінің бар екендігіне де көз жеткіздік. Әр хат түрінің өзіндік эпистолярлық стилінің бар екендігі де назарымызда болды. Бұл мынадай белгілерден көрініс табады: Біріншіден, хат жанрында ауызекі сөйлеу мен жазба тілдің өзара тоғысуы байкалды. Екіншіден, қаратпа сөзден басталады, сонымен бірге, хат сонында анықтауыш арқылы хат жолдаушының аты-жөнін көрсетеді. Үшіншіден, қоғамдық-саяси лексика элементтері кездеседі. Бір сөзбан айтқанда, атап-басылым редакциясына келіп түсken хаттардың берілу формасын шеберлікпен беруді менгерген деуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Прохоров Е.П. Публицистика и действительность. – М.: МГУ, 1973. – 275 б.
- 2 Прохоров Е.П. Введение в журналистику. – М., 1989. – 27 б.
- 3 Елистратова А. Эпистолярная проза романтиков // Европейский романтизм. – М.: Наука, 1973. – 224 б.
- 4 Антокова М.В. Древнерусское переводные послание XI-XIII веков. – М., 1998. – 11 б.
- 5 Прохоров Е.П. Публицистика и действительность. – М.: МГУ, 1973. – 279 б.
- 6 Әбжәлиев Р. Жұмыла білейік. // Сыр бойы. – 2005 жыл, 9 қараша, №231(16729)
- 7 Сәрсенбаев Е. Балашакқа бірге барайық // Сыр бойы. 2005 жыл, 23 қараша, №242(16740)

Referenses

- 1 Prohorov E.P. Publicistika i dejstvitel'nost'. – M.: MGU, 1973. – 275 b.
- 2 Prohorov E.P. Vvedenie v zhurnalistiku. – M., 1989. – 27 b.
- 3 Elistratova A. Jepistoljarnaja proza romantikov // Evropejskij romantizm. – M.: Nauka, 1973. – 224 b.
- 4 Antokova M. V. Drevnirusskoe perevodnye poslanie XI-HIII vekov. – M., 1998. – 11 b.
- 5 Prohorov E.P. Publicistika i dejstvitel'nost'. – M.: MGU, 1973. – 279 b.
- 6 Abgaliev R. Gymila bileik // Syr boyi.– 2005 gyl, 9 kharasha, №231(16729)
- 7 Sarsenbaev E. Bolashakka birge baraiyk// Syr boyi.– 2005 gyl, 23 kharasha, №242(16740)